# НҰРА

№19 (5050)
СӘРСЕНБІ,
7 мамыр
2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


## 9 мамыр Ерлік мәңгі жасайды!
## 9 май Подвигу жить в веках!

### Қымбатты ардагерлер! Құрметті нұралықтар!

Мамыр айының 9-шы жұлдызында еліміздің Ұлы отан соғысында Жеңісне 63 жыл толады. Бүкіл халқымыз, оның Қарулы күштері екінші дүниежүзілік соғыста теңдесі жоқ ерлік көрсетті, фашизмді талқандауға негізгі үлес қосты. Атақты жауынгерлеріміз майдандарда неміс басқыншыларымен шайқасты, ал тыл еңбеккерлері отты жылдары өндірісте де, ауыл шаруашылығында да қиыншылыққа шыдап, қаржырлықпен жұмыс атқарып, Жеңіс күнін жақындатты.

Сіздердің ерліктеріңіз– біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, фашизмді жеңген батырлардың өшпес даңқы мәңгі шуақ шашатын болады. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін боламыз. Әскери құрылыстың тарихы егемен Қазақстан және оның Қарулы Күштері тарихының ажырамас бөлігі болып табылады. Отан қорғаушы күні егемен Қазақстанның қалыптасу жылдарында біздің еліміздің елеулі, маңызды оқиғалары арасында лайықты орынға ие болды. Ардақты ардагерлер! Құрметті жерлестер! Сіздерге зор денсаулық, бақыт тілейміз! Ғұмыр жастарыңыз ұзақ болсын!

**Нұра ауданының әкімі** **С.Шайдаров**
**Аудандық Мәслихат хатшысы** **Е.Тұранов**

### Уважаемые ветераны войны и труженики тыла!

Сердечно поздравляем вас с Днем Победы! Желаем крепкого здоровья, долгих лет жизни, счастья и благополучия вашим семьям, родным и близким низкий поклон, слава и почет всем, кто в трудное время внес свой вклад в Великую Победу! Вечная память героям – освободителям!

**Районный филиал НДП «Нур Отан»**

Нұра аудандық медицина бірлестігінің әкімшілігі және кәсіподақ ұйымы Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт, ашық аспан және жақсы көңіл күй тілейді.

### С Днем Победы!

Все дальше и дальше отходит от нас эхо страшной войны 1941-1945 г.г. Все меньше и меньше остается живых ветеранов. В настоящее время участников Великой Отечественной войны по району осталось всего 20 человека. Но память о погибших в годы войны, умерших в мирное время и живущих сейчас, навсегда и сохранится в наших сердцах.

Поздравляем всех с 63-й годовщиной Великой Победы! Желаем вам, дорогие, семейного благополучия, успехов во всех ваших делах, здоровья и долголетия и, чтобы над вашими седыми головами светило яркое солнце и было всегда мирное небо. **Районный Совет ветеранов.**

### Подвиг их не забыт

Приближается светлый праздник – День Победы в Великой Отечественной войне. Он дорог не только оставшимся в строю ветеранам, но и поколению, которое благодарно чтит память неувядаемой славы отцов и дедов. И это не удивительно. Ведь нельзя забывать мужество и стойкость людей, вынесших на плечах все тяготы войны.

Более 3000 нуринцев были призваны в ряды Советской Армии в годы Великой Отечественной войны для защиты Родины от немецко-фашистских оккупантов, многие, а в основном это были женщины и подростки, остались в тылу и здесь вели свою битву под лозунгом: «Все для фронта, все для Победы».

В степной Нуре в эти весенние дни делается немало добрых дел во имя светлой памяти погибших и во славу ныне живущих ветеранов ВОВ. Хочется поклониться всем, кто погиб во имя нашего счастья и счастья будущих потомков и призвать ныне живущих относиться с уважением к их памяти и тем ветеранам, кто сейчас рядом с нами.

Коллектив отдела противопожарной службы Нуринского района поздравляет всех ветеранов с 63-й годовщиной Великой Победы, желает счастья, здоровья и долгих лет жизни!

### Дорогие ветераны ! Уважаемые нуринцы!

Сердечно и искренне поздравляем Вас с 63 летней годовщиной Победы в Великой Отечественной войне. Мы испытываем особое чувство гордости за наше старшее поколение, сумевшее с достоинством преодолеть все тяготы военных лихолетий на пути к долгожданной Победе. Навсегда останется в памяти народной подвиг людей, защищавших свою Родину на передовой в годы еликой Отечественной войны. Победа досталась немалой кровью, но Ваша самоотверженность день за днем приближала Победу. Воздавая должное всем, внесшим вклад в нее, мы глубоко скорбим о тех, кто пал смертью храбрых на полях сражений Великой Отечественной войну. В общую победу большую лепту внесли и нуринцы. Сыновья и дочери степной Нуры сражались под Брестом, защищали Москву, Ленинград, Сталинград, дошли до Берлина.

Более трех тысяч нуринцев с честью защищали родную землю от врага, каждый третий не вернулся домой, многие стали инвалидами. И горько сознавать что с каждым годом все меньше и меньше ветеранов встречают светлый День Победы. Низкий вам поклон!

Глубоко символично, что 7 мая, перед праздником Победы, наш суверенный Казахстан ежегодно отмечает День защитника Отечества. Молодым воинам есть с кого брать пример. Днем и ночью они с достоинством несут сложную армейскую службу во всех частях Вооруженных Сил страны.

Сердечно поздравляем вас, дорогие ветераны а с Днем Победы! От всей души желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, благополучия и долголетия. Пусть всегда ярко светит солнце над голубым мирным небом!

**Аким Нуринского района** **С.Шайдаров**
**Секретарь районного маслихата** **Е.Тұранов**

### Қымбатты Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Сіздерді Ұлы Жеңістің 63-ші жылдығымен құттықтаймын!

Бұл – жоғары орынға Отанның азаттығы мен абыройын қоятын әрбір жан үшін қасиетті күн болып саналады.

Жеңіс күні – Сіздердің қаһармандықтарыңыздың куәсі. Сол үшін де Сіздерге, сондай-ақ бүгінгі күнді көре алмай кеткен ерен ерлердің рухына бас иеміз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ұлы Жеңіс күні Сіздерге денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, ырыс пен шаттық әкелсін.

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Д. ҚҰСАЙЫНОВ**

**7 – 9 мая - День защитника Отечества и**
**63 годовщина Победы в Великой Отечественной войне**

Уважаемые ветераны Великой Отечественной войны и Вооруженных Сил, воины-интернационалисты, офицеры, сержанты, рабочие и служащие Вооруженных Сил Республики Казахстан! Дорогие соотечественники!

7 мая Вооруженным Силам независимого государства Казахстан исполняется 16 лет с момента их образования. Этот день мы отмечаем как День защитника Отечества. И очень символично, что главный праздник казахстанской армии проходит в самый канун другой великой даты – дня Победы нашего народа в Великой Отечественной войне.

Сегодня мы отмечаем 63-ю годовщину нашей Победы и понимаем, что для фронтовиков каждый год - юбилейный. Подвиг не имеет срока давности, свет его не меркнет и не тускнеет с годами. Военнослужащие Вооруженный Сил Республики Казахстан продолжают эстафету ратной славы героев.

В канун праздников хочется выразить глубокую признательность ветеранам войны, Вооруженных Сил, воинам-интернационалистам за вклад в повышение обороноспособности страны, военно-патриотическое воспитание армейской молодежи в духе казахстанского патриотизма.

Поздравляю всех защитников Отечества с праздником! Желаю здоровья, бодрости, счастья и благополучия, новых свершений во благо нашей Родины – Республики Казахстан!

**К. ЖОЛБОЛДИН,**
**начальник отдела по делам обороны Нуринского района, майор**

*Нұра ауданының 80 жылдығына орай*

## Нұрлы Нұраның жаужүрек батыры

**Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңк орденінің үш дәрежесінің иегері, Қазақ КСР, КСРО ағарту істерінің үздігі, Қарағанды қаласы мен Нұра ауданының Құрметті азаматы Мүтәш Сүлейменов.**



Нұрлы Нұра өңірінің тумасы. Ұлы Отан соғысы басталар кезде Кертінді ауылындағы мектептің 9-шы сыныбын аяқтайды. Сосын фашистік Германиямен соғыстан жеңіспен оралған соң 1946 жылы өзі білім алған мектебіне ұстаз болып қайтып оралады. Мектепте әскери даярлық, дене тәрбиесі және тарих пәндерінен дәріс берді. Кейбір жұрттар дене тәрбиесі мен әскери даярлық сабағын негізгі пән емес деп «менсінцкіремей» екінші орынға қойып жатады ғой. Ал Мүтәш Сүлейменов болса осы сабақтарды алдыңғы қатарға қойып, салауатты өмір салтын ту етіп көтерді. 1987 жылға дейін абыройлы қызмет етті.

2004 жылы Кертінді орта мектебіне 75 жыл толғанда Мүтәш Сүлейменов осы мектептің ең құрметті қонағы болды. Бүгінде бұл мектеп «Мүтәш Сүлейменов атындағы орта мектебі» деп аталады. Бұл да болса Мүтекеңнің сіңірген еңбегіне халқының қайтарған жауабы.

Күндей күркіреп өткен соғыс жылдарында сан мәрте қаһармандық танытып, одан кейінгі сіңірген батыр атамыздың айнасы, баршаның мақтанышы еді.

Мүтәш Сүлейменов әр соғыс ардагері шақырыла бермейтін сондай Мәскеу парадтарының түгеліне (1945, 1985, 1990, 1995, 2000, 2005 жылдары) қатысты. Отанына өте адал болды. Үлкендерге ой салып, кейінгілерге үлгі болып өтті.

Батыр ағамыздың бойына біткен қарапайымдылық, кішіпейілділік, имандылық, инабаттылық қасиеттер кімді болсын тәнті етерліктей. Біз мақтанғанмен өзі мақтануды білмейді. Онда арнасынан аспайтын байсалдылық, ерінбей еңбектенетін табандылық, ұлағатты ұстазға тән ұстамдылық болды.

Мүтәш Сүлейменов және ол басқарған танкіге қарсы ататын зеңбірекшілер тобы 19 маусым 1944 жылы Белоруссияның Погоран елді мекенін жаудан босатарда дұшпанның екі атыс нүктесін, 20 сарбазын жойып, қалғандарын тырқырата қуған екен. Осы жолы Даңк орденінің 3 дәрежесі Мүтекеңге бұйырды. Екінші дәрежесін аларда 8-9 тамыз 1944 жылы Осовец қаласының Крышин бекінісін босатарда 1 пулеметін, 8 сарбазын, 13-14 тамызда 2 пулемет нүктесін 10 солдатын жойып, жаудың қарсы шабуылын тойтарып, жаяу әскерге жол ашыпты. Үшінші дәрежесін аларда Данциг қаласын босатуға қатысып, жаудың 3 танкісін қиратып, 1 мергенін, 2 пулемет нүктесін жойыпты. Мұның үстіне 17 тамыз 1943 жылы Рославль қаласын азат етерде дұшпанның 2 пулемет нүктесін, 12 жаяу әскерін, бір мергенін жойғаны үшін «Ерлігі үшін» медалін алды. Ол аз болса 29 маусым 1944 жылы Друть өзенін кешіп өтерде жаудың 3 пулемет нүктесін талқандап, әскерлердің алға жол ашқандығы үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталыпты. Бұдан соң тағы да «Ерлігі үшін» медалін иеленіпті.

Мүтекеңнің Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен 11 рет алғыс алғанын, кейін 1985 жылы Отан соғысы Орденінің 1 дәрежесімен марапатталғанын, бірнеше қалаларды босатуға, бірнеше өзендерді кешіп өтуге қатысқаны үшін алған сандаған медальдарын санамай-ақ қояйық. Біздің анық білетініміз Мүтәш Сүлейменов – Отан үшін сан рет отқа түскен, бірақ күймеген, елінің, ұлтының намысын бермеген, қазақ халқының батыр ұлдарының қатарында тарихта қалатын, майдандағы ұрыста да, еңбектегі ұлы істерде де алда болған аяулы да ардақты Азамат. Бұған ешкімнің таласы жоқ.

Мүкең - бақытты адам болды. Бақыттылығы қанды қырғыннан аман қалғандығында да емес, одан кейінгі жемісті еңбектерінде де. Сол еңбектері оны ел сүйіктісі, мақтанышы атандырды. Ол – Нұра ауданының Құрметті азаматы болған.

Жаужүрек ағамыздың жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

*Мерекелік репортаж*

# Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір

**«Адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен елді жақындастырар ең берік дәнекер – мүдде бірлігі. Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды. Қазақстанды мекендеген әр ұлт өкілдерінің мақсат – мүддесі ортақ, ол – ел тыныштығы, Отанның өркендеуі, болашағы мығым мемлекет орнату. Ел тыныш, жұрт тату болса ортақ мақсат – мүдденің бәрі де ретімен, сәтімен іске аса беретіні сөзсіз». Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.**

Бірінші мамыр тарихта да, күнтізбеде де



Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, Ынтымақ күні болып тойланады. 1 мамыр табиғаттың түлеп, жаңаруымен жарастық тапқан бірлік пен достық, көктем мен бейбітшілік мерекесі.Әрбір қазақстандық үшін бұл тәуелсіз, егеен еліміздің тұғыры болған достық пен ынтымақтастықтың төл мейрамы.

Бұл күні аудан орталығындағы «Азия-центр» сауда үйінен бастап орталық алаңға дейін аудандағы «Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалы, барлық ұжымдар, мекемелер, оқу орындарының қатысуымен мерекелік шеру ұйымдастырылды. Мерекелік шерудің басында шаңырақты бейнелеген аудандық саз мектебінің түлектері жүрді, одан әрі сап түзеген барлық ұжымдар өздерімен бірлікке, ынтымақтастыққа шақыратын: "Гүлдене бер, Отаным - көпұлтты Қазақстанә, «Ел тілегі – ынтымақ», «Халықтар достығы – баға жетпес байлық», «Береке басы – бірлікте», «Ынтымақ



түбі – береке", "Ырыс алды - ынтымақ",Туысы бірдің уысы бір"" сияқты транспаранттар және мен гүлдер, шарлар, жалаушалармен безендендірілген колонналар сап түзеп өтіп, орталық сахнаға жиналды. Орталық сахнада көпшілікті



аудан әкімі С.Шайдаров, мәслихат хатшысы Е.Тұранов және ауыл қариялары қарсы алды.

Концерттік бағдарламаны жүргізуші Құдайбергенов Берік:

Мына келген мамыр ма?
Мамырла, дала, мамырла
Арқаңды төсеп жауынға
Дамылда тірлік дамылда
Ұлы достық нұр сыйлаған тірлікке
Қастерледік, кадіріңді білдік те
Құтты болсын бұл мереке үндеген
Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке.- деген өлең сөздерімен мерекені бастап, сахна пердесі аудандық балалар саз мектебінің оркестрінің орындауында «Тойбастар» күйімен ашылды.

Мерекеге келушілерді аудандық мәслихат хатшысы Еділ Тұранов құттықтады:

Концерттік бағдарлама «Балдәурен» бишілер тобы мен «Флеш» тобынан құралған «Халықтар достығы» хореографиялық композициясымен жалғасын тапты.Одан кейін оркестрдің орындауында «Желдірме» күйі орындалды.



Келесі сәтте сахнаға Тассуат ауылынан келген орыс ұлттық – мәдени орталығы мен балалардың «Радуга» хор ұжымы шықты. Олар «Мы построим город» әнін және кадриль биін орындады.

Одан кейін осы мерекеге арнайы шақырылған, аудан, облыс көлемінде танымал, бірнеше дүркін ұлттық мәдени орталықтар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген Заречное ауылының украин ұлттық орталығы сөз алып, өз өнерлерін ортаға салып, украин халқының бірнеше билері мен әндерін орындап жұртшылықты тәнті қылып, көз сүйсіндірді.

Аталған мереке Қазақстанда тұратын барша ұлт өкілдерінің тұтастық, бірлік мерекесі болғандықтан бұл күні сахна төріне көптеген ұлт өкілдерінің ән мен биі салтанат құрды. Ал Нұра өңірінде мекендеген 35 ұлт пен ұлыстардың барлығының әні шырқалып, биі биленді десек артық айтпаған болар едік.

Сонымен бірге **«Қазақстан – менің үйім, менің тағдырым» атты мереке сценарийін әзірлеуші режиссер Дәулет Мұқыш осы достық** мерекесі аясында Астананың 10 жылдығына да ерекше көңіл бөлген:

Еліміздің ақ ордасы – Астана,
Бар әлемге жар саламыз мастана!
Елу елдің оң озығы болад деп,
Өлең жаздық, ән шырқадық шаттана,-деп ересектер хоры «Астана» әнін , ауданымыздың



80 жылдығын Киевка №2 орта мектебінің ұстаздары әнге қосты. Ақындарымыздың талай баска ұлт өкілдеріне құтты қоныс болған, достықтың мекені - нұрлы Нұра туралы жазған бірнеше өлеңдері оқылып, мерекені шырайландыра түсті.

Мереке барысында аудан әкімі С.Шайдаров алаңда ұйымдастырылған ұлттық мәдени орталықтарды аралап, орталық мүшелерімен жүздесті және олардың ұлтаралық қатынасты нығайтудағы, ұлттық мәдениетті дамытуға, көпшілік арасында насихаттауға қосып отырған үлестері үшін ризалығын білдіре келе:

- Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып, керегеміз кеңейген он жеті жылдан бері ұлыстар арасындағы үйлесімдік тұрақты сипат алуда. Осының нәтижесінде ортақ Отанымызға сүйіспеншілік оты лаулап, қазақстандық пат риотизм қалыптасып отыр. Бүгінгі халқымыздың бірлігі күні ырыс- береке мен бақ- дәулеттің калтқысыз кепіліндей көгілдір туымыз биікте желбіресе, ақ көгершіндей пәк достық ниет



орнығып, әр шаңыраққа бақыт құсы қонуда. Лайым, осының бәрі мәңгілік болып, ортақ үйіміз - Қазақстан жасай берсін-, деді.

Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын Ресей елінен күнкөріс үшін жер іздеп босыған



орыс, украин шаруалары қоныстанған, одан соң қуғын-сүргінге ұшыраған неміс, шешен халықтарына қиын-қыстау кезінде пана болған, бертін келе тың игеру науқанында көптеген ұлт өкілдеріне құтты қоныс болған, достықтың мызғымас ордасы, киелі де құтты мекен – нұрлы Нұра жерінде, жергілікті ақынымыз Махмет Теміруғлы:

Қуантып мекендеген бүкіл халқын
Толып тұр нұрлы Нұра 80 жаска- деп жыр-



лағандай, мерейтой қарсаңында Бірлік мерекесі, осылайша халықтар достығын ұрпақтан ұрпаққа мәңгі мұра ете түскендей тойланды.

Осы жолы мереке жүргізушілері Құдайбергенов Берік пен Ғизатулина Ирина да көпшілік көңілінен шықты.

Сахнаның безендірілуі, әртүрлі ұлттық киімдер т.б мерекеге ерекше сән беріп тұрды. Көпшілік, ұлттық – мәдени орталықтардың



қатысуымен ұйымдастырылған концерттік бағдарлама «Нұра вальсі» әнімен және ортаға барлық қатысушылардың шығып, аспанға бейбітшіліктің символы - көгершіндер ұшырылумен аяқталды.

**Бикен АХМЕТОВА**
**Суреттерде: Мерекеден көріністер.**

*Шұбаркөл мектебінен хабар*

## *Қамқорлық*

Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына келген жаңа жыл әр адамға келер жылдан үлкен үміт күттіретін, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алып жататыны белгілі ғой. Міне, осы мерекеде оқушылар **«Аяулы алақан»** бағдарламасында көрсеткен Тимур атты балаға арнап «Жәрмеңке» ұйымдастырды. Осы жәрмеңкеден жиналған 22 200 теңгені Тимур қорына жіберді.

Ана алақанының жылуынан ада болып, өмір қиындығымен жоқшылық зардабынан күйген осы бала тағдырын естігенде толғанбай қалған адам болмаған шығар. Шәкірттерімізге қатты әсер еткен осы бағдарлама олардың қиындыққа түскенге қол ұшын беретін аяушылық, қамқорлық сезімдерін оятатын, өмірде ондай жандарға көппен қамқорлық көрсетуін үйреткеніне біз қуанамыз.

Қиындыққа түскенге көрсеткен көмек ол саған өмір бойғы азықпен тең деген екен дана халқымыз. Міне осы қағиданы әр бала жанында сақтаса екен дейміз.

**Т.Н. ҚҰЛАХМЕТОВА,**
**мектеп директоры**

## «Айгөлек» журналының жас тілшісі

2008 жылдың 26 сәуір мен 29 сәуір аралығында Алматы қаласында «Айгөлек» балалар журналының фестивалі өтті. Осы фестивалге біздің мектептен 6-сынып оқушысы Қабылда Жеңісгүл шақырылды. Бұл біздің мектеп үшін үлкен абырой, қуаныш болды.

Жеңісгүл жыл бойы «Айгөлек» журналына мақалалар мен әңгімелер жіберіп тұрған еді.

Фестивалден оралған Жеңісгүлдің алған әсері зор екен. Онда белгілі әншілер мен жазушылармен кездесулер болып, Алматы қаласының айтулы жерлерін аралатып, «Айгөлек» журналының Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Қымбат Әбілдақызымен жеке кездесу өткізіпті. Осы кездесу барысында Жеңісгүлге Республикалық «Айгөлек» балалар журналының жас тілшісі атты №471 куәлік тапсырылып, шығармашылығы үшін Республикалық «Айгөлек» балалар журналында жарияланған ең таңдаулы оқушылар шығармашылығындағы жетістігі үшін мақтау қағазын алып қайтты.

Жеке кездесуінде Жеңісгүлге «Айгөлек» балалар кітапханасынан Қымбат Әбілдақызы өзінің «Ай сайын өсіп келемін» атты кітабына қолтаңбасын қойып мектеп кітапханасына сыйға тартыпты.

Жеңісгүлге шығармашылық табыс тілеп, өнерлі балалар көп болсын деп тілек айтамыз.

*9 мая - День Победы*

## Вам поклон, солдаты, за цветущий май

9 мая прогремит салют Победы. Сколько лет и зим не прошло, май 1945 г. остается для всех Днем Победы, днем трагедии миллионов, праздником освобождения.

В памяти народной и поныне живы бессмертные страдания военных лет и безмерное мужество воина-солдата.

В Доме детского и юношеского творчества прошел праздник «Вам поклон, солдаты, за цветущий май», на котором воспитанники чествовали ветерана Великой Отечественное войны Старчевого Ивана Ивановича.В армию Ивана Ивановича призвали в 1942 году, где после короткой подготовки в городе Нагинске, он попал на Западный фронт, вместе с которым дошел до освобождения Украины. Из взвода 30 человек, в живых отсталость лишь двое. О своей военной жизни поведал со слезами на глазах воин-солдат.

И зазвучали слова благодарности ведущей Макпал Жумабай - ученицы КСШ№2 и завуча ДДЮТ Жусуповой Р.К.

Дети драматического кружка (руководитель Бондаренко А.В.) показали отрывок из пьесы А.Гайдара «Клятва Тимура». Главную. Роль Тимура сыграла Осинина Полина.

Праздник сопровождался выступлениями танцевальной группы «Интенс», (руководитель Ахметова С.Д.), вокальной группы «Радуга» (рукододитель Чемерисова С.В.).

Задушевно зазвучали песни в исполнении воспитанников ДДЮТ Чемерисова Сергея и Жумадилова Алишера.

Кружковцы казахской группы «Сұңкарлар» (руководитель Жусупова Р.К.) с теплом и волнением сыграли эпизоды из жизни Героя Советского Союза Маншук Маметовой. В роли юной пулеметчицы ученицы КСШ№» Айдана Картай.

Тем, кто согревался дыханием в стужу благодатных ночей, тем, кто улетел с дымом бухенвальдских печей, всем тем, кто ушел в бессмертье, победил, была посвящена минута молчания.

Почетными гостями были Акбергенова Б.Б. Турханов Ж. – ветераны педагогического труда, Жакупов Кырыкбай – ветеран армии, Букпин Мурат – воин «афганец».

Праздник завершился клятвой юных воспитанников всю свою жизнь везде и всегда помнить, какой ценой завоевано право на труд, на учебу, на счастье, хоровым исполнением песни «День Победы» и массовым фотографированием с ветераном – **Иван Ивановичем Старчевым.**

Партия «Нур Отан» преподнесла памятный подарок и слова благодарности Воину-Победителю!

**Д. БАЯНОВ, первый зам.председателя районного филиала НДП"Нур Отан"**

